

**6D011300 – Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Батаева Дариға Серікқызының «Күріштің тұзға төзімділік әдістерін оқу үдерісінде пайдалану арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, биология ғылымдарының докторы, профессор Дюскалиева Гульжамал Уналбаевнаның**

## **ШҚІРІ**

Қазіргі білім берудің ағымдық жағдайына талдау жасау, оны ұйымдастыру және құрылымдық жағынан саралап білім мазмұнын арттыруда, республика дамуының әлеуметтік-экономикалық және саяси дамыған елдердің прогрессивті тәжірибесіне сүйене отырып, мамандарды даярлау сапасын жетілдірудің қажет екендігін көрсетті. Кәсіби сапалы маман даярлау – жоғары оқу орнының басты міндеттерінің бірі. Болашақ маманның адами құндылықтарының қалыптасуы мамандық таңдай білуден бастау алады. Қазіргі кезде болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мәселелері кезек күттірмейтін қоғам талабы болып отыр. Қазақстанда аграрлық секторды өркендетуде жаңа инновациялық технологияларды ендіру мәселесі қолға алынып отырған жағдайда, топырағы тұзданған аумақтарда күріштің тұзға төзімді линияларын алу әдістерін пайдалану туралы болашақ мамандардың ауқымды білім алып, мектеп оқушыларына биологиялық білім беруде өсімдіктердің төзімді түрлерін алуды үйретуде маңызды фактор. Бұл тұрғыдан алғанда қорғауға ұсынылып отырған тақырыптың өзектілігі дау тудырмайды.

Жұмыстың мақсаты ғылым мен практиканы ұштастыра отырып, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру, оның нәтижесін білім беру барысында қолдана білуге үйрету. Әрине, бұл болашақ маманның зерттеушілік, кәсіби әдістемелік шеберлігін қалыптастыруда басты мәселенің бірі. Биология пәнінен мектепте де, ЖОО–да білім беру барысында нысанды зерттеу, тәжірибе жасау, бақылау нәтижелеріне сүйене отырып оқыту негізгі орын алатыны белгілі. Осындай жұмыстар арқылы біріншіден, болашақ мұғалімдер зерттеу жүргізудің теориялық-әдістемелік негізін меңгерсе, екіншіден, оның нәтижесін сабақ барысында қолдануды үйренеді.

Диссертацияның мазмұны, құрылымы, ғылыми аппараты логикалық байланысқан, тақырыпқа сай. Диссертацияда күріштің тұзға төзімді линияларын алу әдістері жан-жақты сипатталып, күріштің тұзға төзімділігін анықтау әдістерін оқу үдерісінде пайдалануда болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жолдары анықталып, күріштің тұзға төзімділік әдістерін болашақ биолог мұғалімдерге үйретудің құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылады. Сонымен қатар, биологиялық білім мазмұнында күріштің тұзға төзімділігі оқу материалдарының берілу ерекшеліктеріне талдау жасалып, болашақ биолог мұғалімдеріне күріштің тұзға төзімділігін оқыту әдістемесі «Астық тұқымдастар селекциясы» элективті пәнінің, «Өсімдіктер физиологиясы» пәнінің бір бөлімінің жаңартылған оқу бағдарламасы оқу үдерісіне енгізілуімен сипатталады. Әдістеменің тиімділігін анықтау мақсатында

жүргізілген тәжірибелік-педагогикалық эксперимент нәтижелері талданып, қорытындыланды.

Ғылыми зерттеудің нәтижелері бойынша 5B011300-Биология мамандығы студенттерінің теориялық дайындығының әдістемесі ретінде оқу-әдістемелік құрал «Күріштің тұзға төзімділігін анықтауға арналған зертханалық сабақтар және оларды жүргізу әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралы оқу үдерісіне ендірілді. Зерттеу нәтижелерін оқу үдерісінде пайдаланудың ғылыми-теориялық негіздерінің нақтылануы жұмыстың ғылыми жаңалығы болып табылады.

Қорыта айтқанда, Батаева Дариға Серікқызының 6D011300 – «Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Күріштің тұзға төзімділік әдістерін оқу үдерісінде пайдалану арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысы талапқа сай толық зерттеулер жүргізілген өзіндік квалификациялық еңбек болып табылады. Ұсынылып отырған PhD докторлық диссертация бойынша орындалған жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті белгілеген талаптарына сай келеді және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанынан құрылған 6D011300- Биология мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін беруге арналған диссертациялық Кеңесте қорғауға лайықты деп пікір білдіремін.

**Ғылыми кеңесші:**

**Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры, биология ғылымдарының докторы**



Қолы **Г.У. Дюскалиева**

Подпись \_\_\_\_\_

Растаймын: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті персоналды басқару бөлімінің \_\_\_\_\_  
Заверено: Начальник отдела по управлению персоналом  
Казахского государственного женского педагогического университета \_\_\_\_\_